

“Жетісу облысының Денсаулық сақтау бақармасы” ММ ШЖҚ «Кербұлақ аудандық орталық ауруханасы» МКК

Сарыозек ауылы

12.12.2024 ж.

Күн тәртібінде:

ҚР-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама тақырыбында оқыту дәрісі.

Сыбайлас жемқорлық-жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген тұлғалардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы тұлғаларға пара беру;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл-сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу, тергеу және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі.

Сыбайлас-жемқорлықпен күрестің негізгі қағидаларына келесі жатады:

1. Баршаның заң және сот алдында теңдігі. Бұл қағиданы сақтау және жүзеге асыру сыбайлас-жемқорлықпен күресте өте маңызды. Өкінішке қарай, заңнаманы таңдап қолдану өте жиі кездеседі, ондайда заң біреу үшін бар біреу үшін жоқ. Жеке соттар, мемлекеттік қызметшілер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері сондай-ақ сыбайлас-жемқорлыққа беттелген. Бұл қағиданың сақталуының кепілі азаматтардың өздерінің белсенділігі болып табылады-сыбайлас-жемқорлық үдерістерді БАҚ-та жариялау, оның ішінде БАҚ, бұқара өкілдерінің сот үдерісінде болуы; өтініштерді прокуратурға, экономикалық және сыбайлас-жемқорлық қылмыспен күрес жөніндегі Агенттікке және басқа құқық қорғау органдарына беру.

2. Мемлекеттік органдар қызметінің нақты құқықтық тәртібін, зағдылығын және осындай қызметтің жариялылығын, оған мемлекеттік және қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету. Нормативтік құқықтық актілерді сыбайлас-жемқорлыққа қарсы сараптаудың пәрменді тетігін енгізу, бюджеттік қаражаттың жұмсалудың қоғамдық бақылау жүйесін құру, жеке рұқсат беру, міндеттерін азаматтық қоғам институттарына беру, ақшалай қаражаттың қолма-қол айналымын мейілінше


көбірек қысқарту бойынша шаралар енгізу, заңға қайшы жолмен ақшалай каражатты заңдастыруға қарсы іс-әрекет жасау қарастырылған.

3. Жеке және заңды тұлғалардың құқығы мен заңды мүдделеріне қатысты бар сұрақтарды шешу процедурасын және кадр жұмысын, мемлекеттік аппарат құрылымын жетілдіру. Мемлекеттік бағдарламамен мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлік субъектілерінің өзара іс-әрекетінің нақты құқықтық тәртіптеу формалары мен механизмдерін жүзеге асыру, сондай-ақ сот шешімдерін қабылдаудың мөлдірлігін және олардың дер кезінде орындалуына ықпал жасау қарастырылған.

Сыбайлас жемқорлық-терроризммен және елдің қорғаныс қабілетінің төмендеуімен қатар, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне аса маңызды қатерлердің бірі. Бұл мәселеге Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкімет тарапынан ерекше көңіл бөлінуі бекер емес. Мемлекеттегі сыбайлас жемқорлықты жою өмірдің барлық салаларына оң әсер етеді: Денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру» не т.б.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және қарсы іс-қимылдың №4 үлгілік базалық бағытын іске асыру бойынша әр квазимемлекеттік сектор субъектілер сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың талаптарын сақтау мәселесі бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру және оқыту іс-шаралары бойынша аурухананың интернет желілеріне салып отырады, және бекітілген құжаттарын (олар: сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты туралы бұйрық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бұйрық, корпоративтік әдеп және мінез-құлық кодексі) аурухананың «сrbkerbulak» сайтында орналастырылғанын ескертті. Сонымен қатар, ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы бойынша, оның ішінде «сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер» 12-бабы бойынша қызметкерлер арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Комплаенс офицер



Б.К. Наурызбек